4) шығарушының атауы өзгерген жағдайда оның барлық алдыңғы толық және қысқартылған атаулары, сондай-ақ олар өзгертілген күн көрсетіледі:

Шығарушының атауы өзгерген жоқ.

5) егер шығарушы заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған болса, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаларға және (немесе) шығарушыға қатысты құқықтық мирасқорлық туралы мәліметтер көрсетіледі:

Шығарушы заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылмаған.

6) шығарушының филиалдары мен өкілдіктері болған жағдайда олардың атаулары, заңды тұлғалардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу туралы анықтамаға сәйкес шығарушының барлық филиалдары мен өкілдіктерінің тіркелген (қайта тіркелген) күні, орналасқан жері мен пошталық мекенжайлары көрсетіледі:

Шығарушының филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

7) шығарушының бизнес-сәйкестендіру нөмірі:

180940010094.

8) ISO 17442 «Financial services – Legal Entity Identifier» (LEI) халықаралық стандартына сәйкес Legal Entity Identifier коды (болған жағдайда):

Жоқ.

2. Байланыс телефондарын, факстың нөмірлері мен электрондық пошта адресі, сондай-ақ шығарушының нақты мекенжайы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген Шығарушының орналасқан жерінен өзгеше болған жағдайда нақты мекенжайын көрсете отырып заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес шығарушының орналасқан жері:

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамада көрсетілген Эмитенттің орналасқан жері:

- Орналасқан жері: Қазақстан, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 83-үй, пошта индексі А05НІУ6.
- Байланыс телефондары мен факс нөмірлері: +7 727 333 10 33, факс жоқ.
- Электрондық пошта адресі: ok@mogo.kz

Шығарушының нақты мекенжайы:

- Мекенжайы: Қазақстан, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 77/2-үй, 6G кеңсесі.

2-ТАРАУ. ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ, ОЛАРҒА АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘСІЛДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАР БОЙЫНША КІРІС АЛУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде тармақ толтырылмайды.

4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде тармақ толтырылмайды.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде тармақ толтырылмайды.

3-ТАРАУ. ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ, АЙНАЛЫСҚА ЖІБЕРУ, ӨТЕУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ, СОНДАЙ-АҚ ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ӨТЕУІН ТӨЛЕП АЛУДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР РЫНОГЫ ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ 15 ЖӘНЕ 18-4-БАПТАРЫНДА БЕЛГІЛЕНБЕГЕН ҚОСЫМША ШАРТТАРЫ

8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде тармақ толтырылмайды.

9. Облигациялар айналысының шарттары мен тәртібі:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде тармақ толтырылмайды.

10. Облигацияларды өтеу талаптары мен тәртібі:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде тармақ толтырылмайды.

11. Облигацияларды өтеуін төлеп алудың Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген қосымша шарттары болған жағдайда:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде тармақ толтырылмайды.

4-ТАРАУ. КОВЕНАНТТАР (ШЕКТЕУЛЕР) БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда көрсетілетіндер:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде тармақ толтырылмайды.

5-ТАРАУ. ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ АЙЫРБАСТАУ ШАРТТАРЫ, МЕРЗІМДЕРІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ (АЙЫРБАСТАЛАТЫН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ШЫҒАРУ КЕЗІНДЕ)

13. Айырбасталатын облигацияларды шығару кезінде қосымша мынадай мәліметтер көрсетіледі:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде тармақ толтырылмайды.

6-ТАРАУ. ҚҰНЫН КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП ШЫҒАРЫЛҒАН ОБЛИГАЦИЯЛАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ТОЛЫҚ НЕМЕСЕ ІШІНАРА ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРУШЫСЫНЫҢ МҮЛКІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР (ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН ОБЛИГАЦИЯЛАР БОЙЫНША)

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын шығарушының мүлкі туралы мәліметтер:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде тармақ толтырылмайды.

15. Атауын, орналасқан жерін, кепілдік шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілсе) көрсете отырып кепілдік берген банктің деректері:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде тармақ толтырылмайды.

16. Концессия шартының деректемелері және мемлекет кепілгерлігін беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары - инфрақұрылымдық облигациялар шығаруда:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде тармақ толтырылмайды.

7-ТАРАУ. ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУДАН АЛЫНҒАН АҚШАНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ НЫСАНАЛЫ МАҚСАТЫ

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде тармақ толтырылмайды.

18. Талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығару кезінде:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде тармақ толтырылмайды.

8-ТАРАУ. ШЫҒАРУШЫНЫҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН (АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ӨТЕУІН ТӨЛЕП АЛҒАҒДАРДЫ ҚОСПАҒАНДА) АКЦИЯЛАРЫНЫҢ ОН ЖӘНЕ ОДАН ДА КӨП ПАЙЫЗЫН (ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛҒА ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІН) ИЕЛЕНЕТІН ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР НЕМЕСЕ ІРІ АКЦИОНЕРЛЕР (ҚАТЫСУШЫЛАР) ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

19. Шығарушының орналастырылған (акционерлік қоғам өтеуін төлеп алғандарды қоспағанда) акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) иеленетін құрылтайшылар немесе ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер:

1) құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (жеке тұлға үшін):

Шығарушының жалғыз қатысушысы Сейтбекова Асель Маликовна болып табылады.

2) құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) толық атауы, орналасқан жері (заңды тұлға үшін):

Шығарушының заңды тұлғалар болып табылатын қатысушылары жоқ.

3) Шығарушының жарғылық капиталындағы құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі қатысу үлестерінің немесе дауыс беретін акциялардың шығарушының жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің немесе дауыс беретін акциялардың жалпы санына пайыздық арақатынасы:

Шығарушының жалғыз қатысушысы Сейтбекова Асель Маликовнаға Шығарушының жарғылық капиталының 100% тиесілі.

4) құрылтайшы немесе ірі акционер (қатысушы) ШЫҒАРУШЫНЫҢ дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызын иеленген күн.

Шығарушының жалғыз қатысушысы, Сейтбекова Асель Маликовна 30.04.2021 жылдан бастап Шығарушының қатысушысы болып табылады.

9-ТАРАУ. ШЫҒАРУШЫНЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНЫ МЕН АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

20. Шығарушының басқару органы туралы мәліметтер:

Шығарушының жоғары басқару органы Қатысушы болып табылады. Шығарушының жарғысымен Қадағалаушы кеңес көзделмеген.

21. Шығарушының алқалы органы немесе атқарушы органының қызметін жеке-дара жүзеге асыратын тұлға:

1) атқарушы органның қызметін жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) не алқалы атқарушы орган басшысының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):

Шығарушының жарғысына сәйкес Шығарушының атқарушы органы Бас директор болып саналады. Шығарушының бас директоры Сейтбеков Азамат Мурабекович болып табылады.

2) атқарушы органның қызметін жеке-дара жүзеге асыратын адамның немесе алқалы атқарушы орган мүшелерінің өкілеттіктерін көрсете отырып, олардың сайланған күні мен соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек қызметі туралы мәліметтер хронологиялық тәртіппен:

- Шығарушының Бас директоры, Сейтбеков Азамат Мурабековичтің сайланған күні - 18.06.2020 жыл.
- Шығарушы директорының соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек қызметі туралы мәліметтер:

№	Жұмыс кезеңі (күні, айы, жылы)	Жұмыс орны	Лауазымы	Жұмыстан шығу, лауазымынан босатылу себептері	Жетекшілік еткен бөлімшелері, негізгі қызметтік міндеттері
1	25 желтоқсан 2013 - 7 қыркүйек 2018	«Брайт Венчурс» ЖШС, Алматы қаласы	Директор	Өз еркімен	«АндерСон – Отбасылық кафе және кондитерлік дүкендер» брендiнiң мейрамханасы қызметiн жалпы операциялық басқару, кіріс пен шығындарға жауапты
2	8 қыркүйек 2018 – 9 сәуір 2020 аралығында	«Mogo Kazakhstan (Mogo Казахстан) МҚҰ» ЖШС	Бас директор	Өз еркімен	МҚҰ қызметiн жалпы операциялық басқару, автокөлік сатып алуға несие беру
3	18 маусым 2020 – қазіргі уақытқа дейін	«Mogo Kazakhstan (Mogo Казахстан) МҚҰ» ЖШС	Бас директор	-	МҚҰ қызметiн жалпы операциялық басқару, автокөлік сатып алуға несие беру

- Шығарушының Бас директорының өкілеттіктері:
- ✓ Шығарушы атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- ✓ Шығарушының мүддесін білдіру құқығына сенімхаттар, соның ішінде қайта сенім білдіру құқығына сенімхаттар береді;
- ✓ Шығарушының қызметкерлеріне қатысты қызметке тағайындау туралы, оларды ауыстыру және жұмыстан босату туралы бұйрықтар шығарады, еңбекақы төлеу жүйесін айқындайды, қызметтік жалақылар мен дербес үстемеақылар мөлшерін белгілейді;
- ✓ Шығарушы қатысушысының ерекше құзыретіне немесе қадағалаушы органдардың құзыретіне жатқызылмаған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3) Шығарушының жарғылық капиталындағы атқарушы органның қызметін жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаға немесе Шығарушының алқалы атқарушы органы мүшелерінің әрқайсысына тиесілі қатысу үлестерінің немесе дауыс беретін акциялардың Шығарушының жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің немесе дауыс беретін акциялардың жалпы санына пайыздық арақатынасы:

Шығарушының Бас директорының Шығарушының жарғылық капиталындағы үлесі жоқ.

22. Шығарушының атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген жағдайда көрсетілетіндер:

Шығарушының атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілмеген.

10-ТАРАУ. ШЫҒАРУШЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІН КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП ШЫҒАРУШЫНЫҢ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

23. Шығарушы қызметінің түрлері:

1) қызметтің негізгі түрі:

Шығарушыны құру мен оның қызметінің мақсаты өнімге (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге) қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру және алынатын пайда негізінде Шығарушыға Қатысушы мен кәсіпорын қызметкерлерінің әлеуметтік және экономикалық мүдделерін іске асыру болып табылады.

Шығарушы лицензия алғаннан кейін тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде қамтамасыз етумен микроқаржы ұйымдарының жеке және (немесе) заңды тұлғаларға микрокредиттер беру жөніндегі қызметін жүзеге асырады.

2) маусымдық сипаттағы қызмет түрлерін және олардың шығарушының жалпы табысындағы үлесін көрсете отырып шығарушының қызмет түрлерінің қысқаша сипаттамасы:

Өз мақсаттарына қол жеткізу үшін Шығарушы мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- жеке және заңды тұлғаларға микрокредиттер беру;
- меншікті активтерді бағалы қағаздарға және өзге қаржы құралдарына инвестициялау;
- микрокредиттер беру қызметіне байланысты мәселелер бойынша кеңес беру қызметтерін көрсету;
- меншікті мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруді жүзеге асыру;
- меншікті мүлікті сату;
- лизингтік қызметті жүзеге асыру;
- сақтандыру ұйымдары - Қазақстан Республикасының резиденттері атынан және олардың тапсыруымен сақтандыру агенті ретінде сақтандыру шарттарын жасасу;
- кепілдіктерді, кепілдемелерді және ақшалай нысанда орындауды көздейтін өзге де міндеттемелерді беру;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлері.

Шығарушы маусымдық сипаттағы қызметті жүзеге асырмайды.

3) Шығарушының бәсекелесі болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:

Шығарушының негізі бәсекелестері ретінде Қазақстан Республикасының келесі микроқаржы ұйымдарын қарастыруға болады:

Атауы	Сауда белгісі	Мекенжайы
«Шинхан Финанс» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Shinhan Finance	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Әуезов к-сі, 48, 2 қабат, 2/3 кеңсе
«Rangeld Finance» Микроқаржы ұйымы»	Rangeld Finance	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Достық данғылы, 52/2

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		
«TAS CREDIT» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	TAS CREDIT	Қазақстан Республикасы, 040900, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Абылай хан көшесі, № 111/1 үй

4) Шығарушы қызметінің негізгі түрлері бойынша сатудың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) табыстылығына оң және теріс әсер ететін факторлар:

Сату табыстылығына оң әсер ететін факторлар	Сату табыстылығына теріс әсер ететін факторлар
<ul style="list-style-type: none"> ▪ 2020 жылғы 1 қаңтардан бергі кредиттік бюроның деректеріне қолжетімділік алу; ▪ микрокредиттің ең жоғары сомасын ұлғайту; ▪ меншікті активтерді бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына инвестициялау мүмкіндігін алу; ▪ бағалы қағаздарды шығару мүмкіндігі; ▪ өз қызметін қаржыландыру мүмкіндіктерін кеңейту. 	<ul style="list-style-type: none"> ▪ қарыз алушылардың борыштық жүктемесінің коэффициентін белгілеу; ▪ 2020 жылдың басында пандемияның салдарына байланысты Қазақстан экономикасында және әлемдік экономикада туындаған макроэкономикалық процестерге байланысты қарыз алушылардың алынған микрокредиттер бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамау қаупінің ұлғаюы.

5) Шығарушыда бар лицензиялар (патенттер) және олардың қолданылу кезеңі, Шығарушы демеушілік ететін зерттеулер мен әзірлемелерге, оның ішінде зерттеу әзірлемелеріне жұмсалатын шығындар туралы ақпарат:

Шығарушының Қазақстан Республикасы Қаржы нарықтарын реттеу және дамыту агенттігінің Алматы қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы берген микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға 31.03.2021 жылғы №02.21.0056.М мерзімсіз лицензиясы бар.

Шығарушы зерттеулер мен әзірлемелерді, оның ішінде зерттеу әзірлемелерін жүзеге асырмайды және демеушілік етпейді.

6) Шығарушыға жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі) импорттың үлесі және сатылатын өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы көлеміндегі шығарушы экспортқа сататын (көрсететін) өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) үлесі;

Шығарушы шикізат (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) импортын жүзеге асырмайды және өнімді (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) экспортқа сатпайды (көрсетпейді).

7) шығарушының қатысуымен өткен сот істерінің мәнін көрсете отырып шығарушының қызметін тоқтату немесе өзгерту, одан активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызы мөлшерінде ақшалай және өзге де міндеттемелерді өндіріп алу қаупімен байланысты сот істеріне қатысуы туралы мәліметтер:

Шығарушы қызметін тоқтату немесе өзгерту, одан активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызы мөлшерінде ақшалай және өзге де міндеттемелерді өндіріп алу қаупімен байланысты сот істеріне қатыспайды.

8) шығарушының қызметіне әсер ететін басқа да қауіп факторлары.

Шығарушы осы аңдатпада көрсетілгендерден басқа қауіп факторларының болуын болжамайды.

24. Тауар айналымының көлемі өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын шығарушының тауарларын (жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін) тұтынушылар мен жеткізушілер туралы мәліметтер:

Шығарушының көлемі көрсететін қызметтердің жалпы құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын қызметтер көрсетілетін тұтынушылары жоқ.

Шығарушының тауар айналымының көлемі тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) пайызынан асатын Шығарушы тауарларын (жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін) жеткізушілері жоқ.

25. Әр активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып шығарушы активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын шығарушының активтері:

Активтің атауы	30.06.2021 ж. жағдай бойынша активтердің жалпы көлеміндегі үлесі, %	Активтің баланстық құны, мың теңге
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	36,2%	1 052 104
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	33,7%	978 096

26. Шығарушы активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызы мөлшеріндегі дебиторлық берешек, теңге:

Дебитордың атауы	Сомасы, мың теңге	Үлесі, %
Көлік құралдарын сату бойынша дебиторлық берешек (жеке тұлғалар)	145 552	100%

27. Шығарушы міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын шығарушының кредиторлық берешегі:

Кредитордың атауы	Сомасы, мың теңге	Үлесі, %
Mintos Finance SIA	1 438	10%
ТОО «Grant Thornton»	8 400	61%

28. Шығарушының левередж шамасы:

Атауы	31.12.2019 ж.*	31.12.2020 ж.	30.06.2021 ж.
Міндеттемелер, мың теңге	3 616 775	3 162 227	2 151 619
Меншікті капитал, мың теңге	(628 527)	485 561	751 482
Левередж	(5,8)	6,5	2,9

29. Аудиторлық есеппен расталған, қаржылық есептілігі негізінде есептелген соңғы аяқталған екі қаржы жылындағы шығарушының қызметінен алынған таза ақша ағындары:

	31.12.2019 ж.	31.12.2020 ж.
Операциялық қызметтен алынған / (пайдаланылған) таза ақшалай қаражат	(2 759 739)	77 515
Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақшалай қаражат	(154 914)	(69 373)
Қаржылық қызметтен алынған таза ақшалай қаражат	2 983 007	715 061
Ақшалай қаражат пен оның баламаларының таза ұлғаюы	68 354	723 203
Жыл басындағы ақшалай қаражат пен оның баламалары	5 570	60 162
Жыл соңындағы ақшалай қаражат пен оның баламалары	60 162	786 828

30. Шығарушының борыштық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдары (облигациялардың өтелген және күші жойылған шығарылымдарын қоспағанда) туралы облигациялардың аталған шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейінгі мәліметтер:

Шығарушы бұрынырақ борыштық бағалы қағаздар шығармаған.

11-ТАРАУ. ШЫҒАРУШЫ ЖӘНЕ ОЛ ОРНАЛАСТЫРАТЫН ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ҚОСЫМША МӘЛІМЕТТЕР

31. Облигацияларды ұстаушыға берілетін құқықтар:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде тармақ толтырылмайды.

32. Орын алған жағдайда шығарушының облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде тармақ толтырылмайды.

33. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі тұрғысынан сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті шығарушының ақшалай қаражатының көздері мен ағындарының болжамы:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде тармақ толтырылмайды.

34. Шығарушы орналастыратын облигацияларды сатып алумен байланысты қауіптер:

1) салалық қауіптер - шығарушы саласындағы жағдайдың ықтимал нашарлауының оның қызметіне және бағалы қағаздары бойынша міндеттемелерді орындауына әсері сипатталады.

Шығарушының пікірі бойынша саладағы неғұрлым маңызды ықтимал өзгерістер келтіріледі (ішкі және сыртқы нарықтар үшін бөлек):

Шығарушы өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады. Осыған байланысты Шығарушының қызметіне байланысты салалық қауіптер қызметті ішкі нарықта жүзеге асыру кезінде туындайды. Шығарушының қызметіне қатысты ең маңызды қауіптердің ішінде мыналарды көрсетуге болады:

- нарықтағы бәсекелестіктің күшеюіне байланысты қауіптер;
- клиенттердің кредитті төлеу қабілеттілігінің өзгеруі (клиенттер санының азаюы нәтижесінде жасалатын мәмілелер көлемінің өзгеруі);
- жалпы макроэкономикалық жағдаяттың әсерінен Шығарушының қызметтеріне сұраныстың өзгеруі (сұраныстың өзгеруі есебінен);
- елдегі экономикалық жағдайдың жалпы нашарлауына және соның салдарынан жылжымайтын мүлік нарығындағы белсенділіктің төмендеуіне байланысты қауіптер.

Осы аңдатпа бекітілген күні жағдайында Шығарушы қызметін сыртқы нарықта жүзеге асырмайды.

Шығарушының өз қызметінде пайдаланатын шикізатқа, көрсетілетін қызметтерге бағалардың ықтимал өзгеруіне байланысты қауіптер (ішкі және сыртқы нарықтар үшін бөлек) және олардың Шығарушының қызметі мен бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсері жеке сипатталады:

Шығарушы өз қызметінде шикізатты пайдаланбайды, ал өзіндік құн құрылымындағы бөгде ұйымдардың тұтынатын қызметтерінің үлесі шамалы, сондықтан шикізат пен көрсетілетін қызметтер бағаларының ықтимал өзгеруіне байланысты қауіптер жоқ және олар Шығарушының қызметі мен бағалы қағаздары бойынша міндеттемелерді орындауына әсер етпейді.

Осы аңдатпа бекітілген күні жағдайында Шығарушы қызметін сыртқы нарықта жүзеге асырмайды.

Шығарушының өнімі және (немесе) қызметтері бағаларының ықтимал өзгеруіне байланысты қауіптер (ішкі және сыртқы нарықтар үшін бөлек) және олардың Шығарушының қызметі мен бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына әсері жеке сипатталады:

Ішкі нарықтағы Шығарушының қызметтері бағаларының ықтимал өзгеруіне байланысты қауіптер бәсекелестердің іс-әрекеттерімен байланысты болуы мүмкін, бұл тұтастай алғанда микрокредит беру нарығының пайыздық маржасының және тиісінше Шығарушының мәмілелері бойынша табыстылығының төмендеуіне алып келуі мүмкін. Шығарушы осы қауіптің өз қызметіне және бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына әсерін жоғары емес деп бағалайды. Аталған қауіпті төмендету мақсатымен Шығарушы бизнестің операциялық тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады. Осы аңдатпа бекітілген күні жағдайында Шығарушы қызметін сыртқы нарықта жүзеге асырмайды.

2) қаржылық қауіптер - Шығарушының қаржылық жай-күйінің пайыздық мөлшерлемелердің, шетел валюталарын айырбастау бағамының, сондай-ақ бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарының нарықтық бағаларының қолайсыз өзгеруіне байланысты қауіптерге ұшырағыштығы сипатталады:

Шығарушының қызметі экономикалық жағдайдың және қаржы нарықтары жағдаятының өзгерісіне байланысты қаржылық қауіптермен ұштасады. Шығарушының қызметіне әсер етуі мүмкін қауіптерге мыналар жатады:

- кредиттік қауіп;
- валюталық қауіп (шетел валюталарының айырбастау бағамының қолайсыз өзгеруіне байланысты қауіп);
- пайыздық қауіп (пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруіне байланысты қауіп);
- нарықтық қауіп (бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарының нарықтық бағаларының қолайсыз өзгеруіне байланысты қауіп).

Шығарушының қызметі контрагенттің Шығарушы алдындағы міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындамауы салдарынан кредиттік қауіпке ұшырауы мүмкін. Клиенттердің Шығарушы алдындағы міндеттемелерін уақтылы орындай алмауы дебиторлық берешектің ұлғаюына және күмәнді берешектің пайда болуы мен сақтық қорды есептеу қажеттілігіне әкелуі мүмкін, бұл таза кірістің төмендеуіне әкеледі. Шығарушы аталған қауіпті төмендету мақсатымен тұрақты негізде клиенттердің қызметіне талдау жүргізеді.

Валюталық қауіп Шығарушының шетел валютасымен көрсетілген міндеттемелерін орындауына әсер ететін шетел валютасына (ең алдымен Ресей рубліне) қатысты теңге бағамының ықтимал құбылмалылығымен байланысты. Шығарушының қаржылық жай-күйі, оның өтімділігі, қаржыландыру көздері, Шығарушы қызметінің нәтижелері осы қауіптерді хеджерлеу бойынша жүргізетін жұмысына байланысты валюта бағамдары өзгеруінің елеусіз қаупіне ұшырайды. Валюта бағамындағы өзгерістердің әсерін азайту үшін Шығарушы барлық қажетті іс-қимылдарды, оның ішінде тартылған және орналастырылған қаражат құрылымын тиімді басқаруды жүзеге асыруды жоспарлайды.

Шығарушының қызметі негізінен сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруін бақылау арқылы басқарылатын пайыздық қауіпке ұшырайды. Қарыз ақшалай қаражатының пайыздық мөлшерлемелерінің күрт өсуі кезінде Шығарушы неғұрлым жоғары табыстылыққа ие бағыттарды басым қаржыландыруды ескере отырып, тартылған қаражатты бөлу құрылымын қайта қарауды жоспарлайды. Осыған байланысты қысқа мерзімді келешекте пайыздық мөлшерлемелердің өсуі Шығарушының төлем қабілеттілігіне айтарлықтай әсер етпеуі тиіс.

Шығарушы нарықтық жағдаяттың жалпы және ерекше ауытқуларына және нарықтық бағалардың құбылмалылық деңгейінің өзгеруіне байланысты пайыздық, валюталық, борыштық, үлестік және туынды қаржы құралдары бойынша ашық нарықтық жайғасым нәтижесінде нарықтық қауіпке ұшырауы мүмкін. Бұл ретте осы аңдатпаны бекіту күні жағдайында Шығарушының жоғарыда көрсетілген қаржы құралдары бойынша ашық жайғасымы жоқ. Шығарушы бұл қауіпті елеусіз деп бағалайды.

Шығарушының қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіздігі нәтижесінде шығарушының өз міндеттемелерін толық көлемде орындауды қамтамасыз етуге қабілетсіздігі салдарынан (соның ішінде шығарушының бір немесе бірнеше контрагентінің қаржылық міндеттемелерді уақтылы орындамауы салдарынан) шығарушыда залалдың пайда болуымен байланысты және (немесе) шығарушының өз қаржылық міндеттемелерін дереу және бір мезгілде орындауы болжанбаған қажеттіліктің туындауы салдарынан пайда болатын қауіптер жеке сипатталады.

Шығарушының қызметі Шығарушының қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіздігі нәтижесінде Шығарушының өз міндеттемелерін толық көлемде орындауды қамтамасыз етуге қабілетсіздігі салдарынан (оның ішінде Шығарушының бір немесе бірнеше контрагентінің қаржылық міндеттемелерді уақтылы орындамауы салдарынан) Шығарушыда залалдың пайда болуымен байланысты және (немесе) Шығарушының өз қаржылық міндеттемелерін дереу және бір мезгілде орындауы болжанбаған қажеттіліктің туындауы салдарынан пайда болатын қауіптерге ұшырағыш. Шығарушы осы қауіптің ықпалын төмендету үшін барлық қажетті іс-қимылдарды, соның ішінде активтер мен міндеттемелер құрылымын тиімді басқаруды жүзеге асыруды жоспарлайды.

Шығарушының қаржылық есептілік көрсеткіштерінің қайсысы қаржылық қауіптердің әсері нәтижесінде өзгерістерге неғұрлым көбірек ұшырағыш екендігі, олардың туындау ықтималдығы және есептіліктегі өзгерістердің сипаты көрсетіледі:

Қаржылық қауіптерге Шығарушының міндеттемелері (қарыздар, кредиторлық берешек), сондай-ақ Шығарушының жекелеген активтері (берілген микрокредиттер) неғұрлым ұшырағыш. Шығарушы қаржылық қауіптердің туындау ықтималдығын елеусіз деп бағалайды, себебі Шығарушы осы қауіптердің

Шығарушының қызметіне және қаржылық жай-күйіне әсеріне мониторинг, бақылау жүргізу және азайту үшін барлық қажетті іс-қимылдарды қабылдауды жоспарлайды.

3) құқықтық қауіп – төмендегінің салдарынан Шығарушыда залал туындаудың қаупі сипатталады:

- Қазақстан Республикасының валюталық, салық, кеден заңнамасындағы өзгерістер:

Шығарушы құқықтық қауіпті әртүрлі ішкі және сыртқы факторлардың әсері салдарынан залалдың туындауы қаупі ретінде анықтайды, соның ішінде:

а. Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістер;

б. Шығарушының өз қызметін және ішкі құжаттарын уақтылы Қазақстан Республикасы заңнамасындағы өзгерістерге сәйкес келтіруге қабілетсіздігі.

- шығарушының негізгі қызметін лицензиялау бойынша талаптар:

Шығарушының Қазақстан Республикасы Қаржы нарықтарын реттеу және дамыту агенттігінің Алматы қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы берген микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға 31.03.2021 жылғы №02.21.0056.М мерзімсіз лицензиясы бар.

Шығарушы лицензиялау саласындағы өзгерістер Шығарушы қызметінің нәтижелеріне айтарлықтай әсер етпейді деп санайды.

- шығарушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтамауы:

Шығарушы бұл қауіпті әртүрлі ішкі және сыртқы факторлардың әсері салдарынан залалдың туындауы қаупі ретінде анықтайды, соның ішінде:

а. Шығарушының, клиенттердің немесе қарсы әріптестердің жасалған мәмілелердің талаптарын бұзуы;

б. құқықтық жүйенің жетілмегендігі (жеткілікті құқықтық реттеудің болмауы, өзгерістерге ұшырағыштық, соның ішінде мемлекеттік реттеу және (немесе) қадағалау әдістерінің жетілдірілмеуіне қатысты, жекелеген мәселелерді келіссөздер арқылы шешудің мүмкін еместігі және нәтижесінде оларды реттеу үшін сот органдарына жүгіну).

- қызметті жүзеге асыру кезінде жол берілетін құқықтық қателіктер (заң жөнінде дұрыс емес кеңес алу немесе құжаттарды дұрыс жасамау, соның ішінде сот органдарында даулы мәселелерді қарау кезінде):

Шығарушы бұл қауіпті әртүрлі ішкі және сыртқы факторлардың әсері салдарынан залалдың туындауы қаупі ретінде анықтайды, соның ішінде:

а. Шығарушы қызметкерлерінің немесе басқару органдарының іс-әрекеттері салдарынан қызметтегі құқықтық қателіктерге әкеп соқтыратын құқықтық жұмысты тиімсіз ұйымдастыру;

б. Шығарушының ішкі құжаттарының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмеуі;

в. Қазақстан Республикасының заңнамасын, соның ішінде қарсы әріптестерді сәйкестендіру және зерделеу, пайда алушыларды (клиенттер пайдасына жұмыс істейтін адамдарды) анықтау және сәйкестендіру жөніндегі заңнаманы сақтамау;

г. жаңа қызметтер мен операцияларды және басқа да мәмілелерді, қаржылық инновациялар мен технологияларды жүргізу шарттарын әзірлеу мен енгізу кезінде құқықтық мәселелерді жеткілікті анықтап алмау.

Шығарушы құқықтық қауіпті төмен деп бағалайды, себебі аталған қауіпті тиімді басқару Шығарушының қауіптерді басқару жүйесінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

4) іскерлік беделді жоғалту қаупі (бедел қаупі) - шығарушының қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнімдерінің (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) сапасы немесе тұтастай алғанда оның қызметінің сипаты туралы теріс түсініктің қалыптасуы салдарынан клиенттер (контрагенттер) санының азаюы нәтижесінде шығарушыда залал туындауы қаупі сипатталады:

Шығарушының қызметінде қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнімдерінің (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) сапасы немесе тұтастай алғанда оның қызметінің сипаты туралы теріс түсініктің қалыптасуы салдарынан клиенттер (контрагенттер) санының азаюы нәтижесінде шығарушыда залал туындауы қаупі бар. Шығарушы бұл қауіпті елеусіз деп бағалайды, себебі іскерлік беделін сақтау мақсатында Шығарушы:

- контрагенттерімен жасалған шарттық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді;
- клиенттерге, контрагенттерге, реттеу және қадағалау органдарына және басқа да мүдделі тараптарға ұсынылатын қаржылық есептіліктің және басқа да жарияланатын ақпараттың анықтығына бақылау жүргізеді;
- жыл сайын аудиттен өтеді;
- клиенттердің және контрагенттердің іскерлік беделіне мониторинг жүргізеді;
- қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатымен ішкі бақылауды ұйымдастыру туралы заңнаманың сақталуын бақылайды;
- қызметкерлердің корпоративтік этика нормаларын сақтауын бақылайды.

5) стратегиялық қауіп - шығарушының қызметіне қатер төндіруі мүмкін ықтимал қауіптерді есепке алмаумен немесе жеткілікті түрде есепке алмаумен, шығарушы бәсекелестерінің алдында артықшылыққа қол жеткізуі мүмкін қызметтің келешегі бар бағыттарын дұрыс емес немесе жеткілікті түрде негізделмеген айқындаумен, қажетті ресурстардың (қаржылық, материалдық-техникалық және өзге де ресурстардың) және шығарушы қызметінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс ұйымдастырушылық шаралардың (басқарушылық шешімдердің) болмауымен немесе толық көлемде қамтамасыз етілмеуімен сипатталатын және шығарушы қызметі мен даму стратегиясын (стратегиялық басқару) айқындайтын шешімдер қабылдау кезінде жіберілген қателіктер (кемшіліктер) нәтижесінде шығарушыда залал туындауы қаупі сипатталады.

Шығарушының қызметінде оған қатер төндіруі мүмкін ықтимал қауіптерді есепке алмаумен немесе жеткілікті түрде есепке алмаумен, шығарушы бәсекелестерінің алдында артықшылыққа қол жеткізуі мүмкін қызметтің келешегі бар бағыттарын дұрыс емес немесе жеткілікті түрде негізделмеген айқындаумен, қажетті ресурстардың (қаржылық, материалдық-техникалық және өзге де ресурстардың) және шығарушы қызметінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс ұйымдастырушылық шаралардың (басқарушылық шешімдердің) болмауымен немесе толық көлемде қамтамасыз етілмеуімен сипатталатын және шығарушы қызметі мен даму стратегиясын (стратегиялық басқару) айқындайтын шешімдер қабылдау кезінде жіберілген қателіктер (кемшіліктер) нәтижесінде шығарушыда залал туындауы қаупі бар.

Шығарушы аталған қауіпті елеусіз деп бағалайды, себебі стратегиялық шешімдерді тиімді бағалауды және іске асыруды қамтамасыз ету мақсатымен Шығарушы компанияның ағымдағы жағдайын, қызметтің басым

бағыттарын анықтауды, стратегиялық жоспарларды әзірлеуді, сондай-ақ қабылданған стратегиялардың іске асырылуын бақылауды қоса алғанда, қысқа және орта мерзімді жоспарлау бағдарламасын қолданады. Шығарушының стратегиясында айқындалған қойылатын міндеттер мен жоспарларды іске асыру барысында Шығарушының стратегиялық жоспарларына және/немесе қызметіне қандай да бір сегменттегі есептік өлшемдердің болжамды мәндерден ауытқулары анықталған жағдайда сыртқы және/немесе ішкі нарық жағдаяты өзгерістерінің әсерінен түзетулер енгізілуі мүмкін. Шығарушы стратегиялық қауіп деңгейін елеусіз деп бағалайды.

б) Шығарушының қызметімен байланысты қауіптер - шығарушының қызметіне ғана тән немесе негізгі қаржы-шаруашылық қызметімен байланысты қауіптер, соның ішінде төмендегілермен байланысты қауіптер сипатталады:

- Шығарушының белгілі бір қызмет түрін жүргізу не айналымда болуы шектелген объектілерді (табиғи ресурстарды қоса алғанда) пайдалану лицензиясының қолданысын ұзарту мүмкіндігінің болмауы:

Шығарушы лицензияланатын қызметті жүзеге асырмайды.

- үшінші тұлғалардың, соның ішінде шығарушының еншілес ұйымдарының борыштары бойынша шығарушының ықтимал жауапкершілігі:

Осы аңдатпаны бекіту күні жағдайында Шығарушы үшінші тұлғалардың борыштары бойынша жауапкершілік артпайды, Шығарушының еншілес ұйымдары жоқ.

- олармен айналымы шығарушының өнімін (жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін) сатудан түскен жалпы түсімінің кемінде 10 (он) пайызын құрайтын тұтынушыларды жоғалту мүмкіндігі:

Осы аңдатпаны бекіту күні жағдайында Шығарушының олармен айналымы шығарушының өнімін (жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін) сатудан түскен жалпы түсімінің кемінде 10 (он) пайызын құрайтын тұтынушылары жоқ.

7) елдік қауіп - экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістерге байланысты, сондай-ақ ақшалай міндеттеме валютасы контрагентке резиденттік елі заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты қолжетімсіз болуы салдарынан (контрагенттің қаржылық жағдайына қарамастан) шетелдік контрагенттердің (заңды, жеке тұлғалардың) міндеттемелерді орындамауы нәтижесінде Шығарушыда залал туындау қаупі сипатталады:

Осы аңдатпаны бекіту күні жағдайында Шығарушыда бейрезидент контрагенттер жоқ.

8) операциялық қауіп - шығарушы қызметкерлері тарапынан жіберілген ішкі процестерді жүзеге асыру барысындағы кемшіліктер немесе қателіктер, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың тиісінше жұмыс істемеуі нәтижесінде, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың салдарынан шығыстардың (залалдың) туындауы қаупі сипатталады:

Шығарушының қызметінде шығарушы қызметкерлері тарапынан жіберілген ішкі процестерді жүзеге асыру барысындағы кемшіліктер немесе қателіктер, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың тиісінше жұмыс істемеуі нәтижесінде, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың салдарынан шығыстардың (залалдың) туындауы қаупі бар. Шығарушы үшін операциялық қауіп орташа мәнге ие, себебі ол Шығарушы қызметінің барлық бағыттарына, процестер мен жүйелерге тән, сондықтан операциялық қауіпті тиімді басқару әрқашан Шығарушының қауіптерді басқару жүйесінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

35. Шығарушы қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат:

Шығарушы қандай да бір қаржы тобының, холдингтің, концерндердің, қауымдастықтардың және консорциумдардың құрамына кірмейді. Шығарушы тартылған қарыздарды өзінің негізгі қызметін - микрокредиттер беруді қаржыландыруға жұмсайды.

36. Егер шығарушының еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары болса, мұндай заңды тұлғалардың әрқайсысы бойынша мынадай ақпарат көрсетіледі:

Шығарушының еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары жоқ.

37. Әрбір ұйым бойынша көрсете отырып Шығарушы жарғылық капиталының он және одан да көп пайызына ие болатын ұйымдар туралы мәліметтер (36-тармақта көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағанда):

Шығарушы қандай да бір заңды тұлғалардың жарғылық капиталының он және одан да көп пайызына ие емес.

38. Шығарушының кредиттік рейтингтері туралы мәліметтер:

Шығарушыға кредиттік рейтинг берілмеген.

39. Шығарушының облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде тармақ толтырылмайды.

40. Шығарушының төлем агенті туралы мәліметтер (болған жағдайда):

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде тармақ толтырылмайды.

41. Шығарушының кеңесшілері туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздардың қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі және онда болуы мәселелері бойынша кеңес беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасасу жөніндегі міндет белгіленген жағдайда):

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде тармақ толтырылмайды.

42. Шығарушының аудиторлық ұйымы туралы мәліметтер:

1) Тиісті аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдарға тиесілілігін көрсете отырып соңғы аяқталған 2 (екі) қаржы жылындағы шығарушының қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда));

Шығарушының 2020 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігінің аудитін бірінші басшысы Е. Т. Досымбеков тұлғасында «Grand Thornton» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізген.

2) телефон және факс нөмірлері, электрондық пошта адресі (болған жағдайда).

Телефондары: 7 727 311 13 40, факс: жоқ.

E-mail: almaty@kz.gt.com.

43. Осы қосымшаның 19, 20, 21 және 22-тармақтарында көрсетілмеген, бірақ Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» және 2003 жылғы

13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңдарына сәйкес шығарушының үлестес тұлғалары болып табылатын шығарушының үлестес тұлғалары:

Аталған тармақ бойынша ақпарат осы аңдатпаның 1-қосымшасында көрсетілген.

44. Шығарушының облигациялар шығаруға және оларға қызмет көрсетуге жұмсаған шығындарының сомасы, сондай-ақ осы шығындар қалай төленетіні туралы мәліметтер:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде тармақ толтырылмайды.

Бас директоры



Сейтбеков А.М.

1-Қосымша. Шығарушының үлестес тұлғалары туралы мәліметтер.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР

№	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Үлестестікті тану негіздері	Үлестестіктің пайда болу күні	Тұрғылықты елі
1	Сейтбекова Асель Маликовна	«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 12-1-бабы 2-тармағы 1-тармақшасы	30.04.2021 жыл	Қазақстан Республикасы
2	Сейтбеков Азамат Мұрабекович	«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 12-1-бабы 2-тармағы 2-тармақшасы	30.04.2021 жыл	Қазақстан Республикасы
3	Сейтбеков Елор Азаматович	«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 12-1-бабы 2-тармағы 2-тармақшасы	30.04.2021 жыл	Қазақстан Республикасы
4	Сейтбеков Тамаз Азаматович	«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 12-1-бабы 2-тармағы 2-тармақшасы	30.04.2021 жыл	Қазақстан Республикасы
5	Сейтбеков Арсен Азаматович	«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 12-1-бабы 2-тармағы 2-тармақшасы	30.04.2021 жыл	Қазақстан Республикасы
6	Турыспекова Малика Нуржановна	«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 12-1-бабы 2-тармағы 2-тармақшасы	30.04.2021 жыл	Қазақстан Республикасы

1-Қосымша. Шығарушының үлестес тұлғалары туралы мәліметтер.

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР

№	Толық атауы	Орналасқан жері	Үлестестікті тану негіздері	Үлестестіктің пайда болу күні	Бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Мемлекеттік тіркеу күні
1	«CupStars» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 83-үй	Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 12-1-бабы 2-тармағы 4-тармақшасы	30.04.2021 жыл	Сейтбекова Аселъ Маликовна	12.04.2018 жыл.

Пронумеровано и прошнуровано

на Трагара

сеел

Страница

Подпись

